

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ПАССИОНАРЛЫҚ АСПЕКТІНДЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАУДЫҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Б.Даутова¹

ф.ғ.д., (қ-сы Алматы., Қазақстан)

Б.Р.Оспанова¹

ф.ғ.к., (қ-сы Алматы., Қазақстан)

Қазіргі отандық әдебиеттануда көптеген мұрағат көздеріне қол жеткізе алу арқасында бұрын идеологиялық тиым салынған материалдар жарияланып, рухани жандану процесінде жаңа есімдер аталып, белгілі деректер басқа көзқарас тұрғысынан қаралып жатыр. Алтын Орда дәуірінің тарихи-мәдени мұрасына қатысты гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасын жаңғыртуға бағытталған. Тарихтың аралық кезеңдерінде ұлы дәуірлер мен ұлы есімдер туралы көркем мұралар болашаққа бағдар болады, ұлттың мәдени-тарихи коды мен сабақтастығын сақтауға көмектеседі. Ұлық Ұлыс дәуірі тарихының тарихи тұжырымдары мен тарихи тұлғалары Қазақстан үшін сарқылмас гуманитарлық байлық болып табылады.

Көркем әдебиеттегі сол дәуірдің метатарихи үлгісін және әлеуметтік-мәдени парадигманың ауысуына байланысты Алтын Орданың тарихи тұлғалары туралы тұжырымдарды салыстырмалы түрде зерттеу.

Ғасырлар тоғысы ғылымдағы гуманитарлық үрдіспен (процеспен) және адамдардың қоғамдық саналарының өзгерістерімен сипатталады. ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығы жаһандануға қарсы үдерістер жүріп жатқанын көрсетті. Осылайша қарама-қасы бағыттағы үрдістер жүріп жатыр. Бұдан шығудың жолын іздеу барысында өткеннің мұрасы – Тарих сабағы ретінде де, Болашаққа бағдар ретінде де өте маңызды. Алтын Орда дәуірі қазақ этносының қалыптасуында үлкен маңызға ие. Алтын Орда құбылысы оның көлемділігімен және әлем тарихына ықпал етуімен байланысты. Дунайдан Ертіске дейінгі ұлан-ғайыр аймаққа көсіліп жатқан Ұлық Ұлыс Шығыс пен Батыс өркениеттер тоғысқан тарихи кеңістік болды. Сондықтан Алтын Орда құбылысы, оның мұралары, Еуразия мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеттеріндегі маңызы кешенді зерттеуді қажет етеді.

Біріншіден, Алтын Орда дәуірі аз зерттелген. Бұл Алтын Орда тақырыбына 1944-жылы салынған ресми тыйымның 1980-жылдарға дейін созылуымен байланысты. Т. Козырев: «ол кезде Алтын Орданы халық жадынан шығаруға барлық мүмкіндіктерді жасалды. ... сталиндік кезеңде қазақтардың және КСРО-дағы басқа да халықтардың тарихи саналары шектен тыс вивисекцияға ұшырады», – деп жазды[1]. Екіншіден, отандық ғылымға, соның ішінде филология ғылымына Алтын Орда кезеңінің ғылым нысаны ретінде маңызды алғышарттары бар. Қазақстан тарихынан, соған сәйкес ғылымынан қазақ мемлекеттігінің қалыптасу дәуірін бұл кезеңді алып тастаудың ауыр зардабы болды және ол «мәңгүрттікке» әкеліп, ұрпақтың жадынан тарихты өшірді. Ғалымдар Ұлық Ұлыс кезеңі ақтаңдақ болып

қалғанын, оны кешенді зерттеуге мамандардың, ғылыми орталықтардың жетіспейтінін алға тартады. Р.Темірғалиев қазақ мемлекеттілігінің Алтын Ордамен байланыстылығы туралы айта келіп: «тарихтың осындай үзігінің көлеңкеде болуы біздің тарихымыздың тұтастығын бұзады ... Осылайша ешқандай ақтауға келмейтін уақыт үзігі пайда болады, тарихтың логикасы жоғалады, тарихи үдерістердің себеп-салдарлық байланыстарын түсінуден қалдық», – деген қорытындыға келеді [2]. Үшіншіден, ғасырлар тоғысы Алтын Орда мұраларын ғылыми білім беруде қоғамдық-тарихи кеңістікке қайтару қажеттігін сезінумен айқындалады. ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2019-жылғы Қазақстан халқына жолдауында республикамыздың мемлекеттілігіндегі Алтын Орданың рөлін атап өтті. 2020-жыл Қазақстанда Алтын Орданың 750 жылдығы болып жарияланды. Қазақ жерінің жүрегі – Ұлытаудың Алтын Орданың ұлы тұлғалары Жошы ханмен және Бату ханмен тарихи байланысы бар екені анық. Осы жерде Ұлық Ұлыстың – Ұлы Мемлекеттің негізін қалаушы Жошы ханның ордасы болды. Қазақтың қасиетті осы даласында оның мүрдесі жатыр. Қ.Тоқаев тарихи әділеттілікке құрмет көрсету керектігін айтып былай деді: «Біз Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханға құрмет көрсетуіміз керек. Осы бір тарихи тұлғаға әлемнің назарын аудару өте маңызды міндет» [3]. Алтын Орда тарихын ой таразысына салудағы тарихи дискурсты өзгертуде әдебиет маңызды рөл атқарады. Көркем әдебиеттің тарихи жанры адамның санасында әлем суретінің қалыптасуына үлес қосады, тарихтың маңызды кезеңдерінің көркем бейнесін жасайды. Алтын Орданың және оның ұлы қайраткерлерінің тарихы әр түрлі жанрдағы көптеген көркем шығармалардың тақырыбы болуда. Жаңа шығармалардың қатарына И.Калашниковтың «Жестокий век» (2018 ж.), С.Зацаринныйдың «Пустая клетка» (2015), Р.Почекаевтың «Батый. Хан, который не был ханом». (2007), Лео де Хортогтың «Чингисхан. Завоеватель мира» (2017) атты және т.б. шығармаларын жатқызуға болады.

Алтын Орда тақырыбы аз зерттелгендіктен, осы маңызды кезең туралы қоғамдық санада қарама-қайшылықтар бар. Алтын Орданың тарихи тұлғалары Жошы хан, Бату хан және т.б. хандар туралы көзқарастар біржақты емес. Тарихи тұлғалардың маңыздылығы мен ұлылығын біле тұра, қазақстандықтар олардың отандық тарихта қандай рөл атқарғаны туралы аз біледі. Тарихи тұлға тұжырымдамасы тарихтың аралық кезеңдерін көркем сипаттауда маңызды қызмет атқарады. Олардың қызметтерін көркем бейнелеу қоғамдық сананы қалпына келтіреді. Әдебиеттің мұндай күрделі тақырыптарын түншықтырып отырған заманда, жекеленген жазушылардың тарих сабақтарын еске түсіруге, тарихи жадыны оятуға батылдары барды. Сондай тұлғардың бірі – І.Есенберлин. Ғалымдар «Алтын орда» трилогиясы Қазақстан тарихының даңқты кезеңі туралы жазылған жалғыз шығарма деген пікірде. Жазушының 17 романының алтауы Қазақ хандығы мен Алтын Ордаға арналған.

Көркем әдебиет негізінде Алтын Орда дәуіріндегі ұлы тарихи тұлғалар тұжырымдамасы.

Зерттеу материалдары болып Василий Янның «Чингизхан» (1939), «Батый» (1942), «К последнему морю» (1955) романдарынан тұратын «Нашествие монголов» трилогиясы [4]; Ілияс Есенберлиннің «Алтын орда» трилогиясының 1-кітабы «Алты басты айдаһар» (1982), 2-кітабы «Айдахардың басы» (1985), 3-кітабы «Айдахардың ажалы» [5]; Мұхтара Мағауиннің «Шыңғыс хан» (2011) дилогиясы: 1-кітап «Ұйысқан ұлыс», 2-кітап «Шыңғыс хан» [6]; Нұрлан Санжардың «Күтпеген қонақ – Жошы» (2019), «Бату хан» (2020) романдарынан тұратын «Алтын орда жауынгерлері» дилогиясы [7] сияқты шындыққа барынша жақын, әлеуметтік-мәдени парадигманың ауысуын көрсететін тарихи романдар таңдалып алынды.

Алтын Орданың гуманитарлық мұраларын қазақ мемлекеттілігіне негіз болатын ерлік, ұлтжандылық және жанқиярлыққа бағыттайтын тарихи-философиялық басымдықты ғылыми тұрғыдан пайымдауында. Тарихи тұлғалардың көркем тұжырымдамасы еліміздің Болашағына бастайды, еліміздің әлеуметтік-мәдени бағытының алаңы болады. Зерттеулерге көз жіберсек тарих тақырыбына, тарихилық категориясына және дәуірлер мен тұлғалардың көркем бейнелеріне қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Адамның әдебиетте суреттелуі көркем бейнедегі шығарма кейіпкерін жеке тұлға тұжырымдамасына дейін дамытты. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырып прозада кеңірек ашылған, бұл отандық сөз өнерінде эпикалықтың дамығандығымен байланысты. Филологиялық зерттеулерге жасалған шолу роман жанрындағы тарих мәселесі өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдейді. Әдебиеттегі роман жанрын ғылыми зертеу дәстүрі қазақ филологиясы ғылымының негізін қалаушылар – Ә.Бөкейхановтан, А.Байтұрсыновтан басталады. Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Р.Бердібаев, Ш.Елеукенов сияқты ғалымдар роман жанрының теориялық мәселелерін зерттеді. Қазақ прозасын зерттеуге З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Н.Ғабдуллин, Б.Майтанов, З.Бисенғали, А.Ісмақова, М.Хамзин, Б.Мамраев, Т.Рахымжанов, Р.Тұрысбек, С.Таханов, Г.Орда, Г.Пралиева, С.Алтыбаевалар зор үлес қосты

Әдебиет теориясында «тұлға тұжырымдамасы» терминін тұңғыш рет 1950-жылдары Л.Тимофеев енгізді. Бұл З.Османованың, А.Бочаровтың, Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмаиловтың еңбектерінде одан әрі дамытылды. Қазақ филологиясында тұлға мен дәуір тұжырымы, тарихилық категориясы тарих пен қазіргі заманның жалғасқан байланысын пайымдаудың маңызды құралына айналды. Бұл тақырыпта арнайы жазылған жұмыстардың ішінде М.Қадыралинованың «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі тарихи шындық және жеке тұлға тұжырымы» (2005) атты диссертациясы мен монографиясын, М.Арғынбаеваның «Қазақ әдебиетіндегі әлем және адам тұжырымдамасы» (1970-1980-жылдар) (2005), А.Жүсіпованың «1960-80-жылдардағы қазақ тарихи романдарындағы жеке тұлға тұжырымдамасы» (2006), М.Әйтімованың «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық және көркемдік шешім», М.Қуантаеваның «Қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи шындықты аударудың көркемдік аспектілері» (2009) сияқты жұмыстарды

атап өтуге болады. Соңғы онжылдықтарда Алтын Орда мұраларын зерттеудің өзектілігіне байланысты ҚР ҒА мен Түркі Академиясы академиялық институттары базаларында үлкен көлемде деректанулық, мәтінтанулық және зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қорыта айтқанда әлеуметтік-тарихи парадигмалар ауысуы контекстінде тұңғыш рет жаңа әдістемеліктер негізінде Алтын Орда дәуірі мен тұлғаларын тұжырымдамалауға жүйелі жалпыфилологиялық, салыстырмалы-тарихи зерттеу жүргізу жоспарлануда. Ғылыми жаңалықтарға толы нәтижелер осы уақытқа дейін аз зерттелген тақырып бойынша ғылыми және танымдық тұжырымдамаларды жаңғыртуға қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Козырев Т. Золотая Орда – золотая колыбель: истоки казахской государственности и современность. <https://camonitor.kz>. 04.09.2019.
- 2 Темиргалиев Р. О приватизации исторического наследия Золотой Орды со стороны Казахстана не может быть и речи. <https://www.inform.kz>. 14.10.2019.
- 3 Токаев К-Ж. Казахстан отметит 750-летие Золотой Орды. //Комсомольская правда. 27 августа 2019. <https://www.kp.kz>.
- 4 Василий Ян: Нашествие монголов. М: АСТ, 2015.-1056 с.
- 5 Есенберлин И. Золотая орда. СПб: Ленинградское издательство. 2016. - 560 с.
- 6 Мағауин М. Шыңғыс хан. Т.1., Т. 2. -Алматы: Дәуір. 2016. - 675 с.
- 7 Санжар Н. Воины Золотой Орды. Алматы: Meloman Publishing, 2019. - 496 с.